

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ СЕНАТЫНЫҢ ОТЫРЫСЫ

2023 жылғы 4 қыркүйек

Отырысты Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының Төрағасы М.С. ӘШІМБАЕВ жүргізді.

ТӨРАҒА. Қайырлы күн, құрметті Сенат депутаттары және отырысқа қатысушылар! Жұмысымызды бастайық. Депутаттардың тіркеуден өтулерін сұраймын. Тіркеу режимі қосылсын.

Қажетті кворум бар. Сенат отырысын ашық деп жариялаймын.

Құрметті депутаттар, енді күн тәртібін бекітіп алайық. Күн тәртібінің жобасы сіздерде бар. Сұрақтарыңыз бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Олай болса күн тәртібін дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Күн тәртібі бекітілді.

Құрметті сенаторлар, күн тәртібіндегі бір мәселе Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Төрағасын тағайындауына келісім беру туралы.

Конституцияға сәйкес Президенттің Ұлттық Банк Төрағасын тағайындауына келісім беру Сенаттың ерекше қарауына жатады. Осы орайда Президентіміз Палатаға тиісті ұсыну енгізді. Президентіміздің ұсынуын жариялау үшін сөз Президент Әкімшілігінің Басшысы Бектенов Олжас Абайұлына беріледі.

БЕКТЕНОВ О.А. Құрметті Сенат депутаттары! Қазақстан Республикасы Конституциясының 44-бабына сәйкес Президент Парламент Сенатының қарауына Ұлттық Банктің Төрағасы лауазымына Тимур Мұратұлы Сүлейменовтің кандидатурасын ұсынады.

Тимур Мұратұлы төрт жылдан астам Президент Әкімшілігінде әлеуметтік-экономикалық бағытын басқарып, ауқымды экономикалық өзгерістерді жүзеге асыруға белсенді атсалысты.

Кезінде Ұлттық экономика министрлігін басқарды.

Еуразиялық экономикалық комиссия алқасының мүшесі (Экономика және қаржы саясаты жөніндегі министрі) болды.

Ұлттық холдингтерде басшылық лауазымдарда қызмет атқарды.

Тимур Мұратұлы қаржы және экономикалық бағыттарда, оның ішінде Ұлттық Банк Төрағасының орынбасары лауазымында үлкен жұмыс тәжірибесіне ие. Сондықтан

қаржылық реттеушінің қызметін, оның алдындағы міндеттер мен сын-қатерлерді анық біледі.

Тимур Мұратұлының жеке қасиеттері мен құзыреттілігі Мемлекет басшысы қойып отырған мақсаттарға қол жеткізуге және Ұлттық Банктің жұмысын жетілдіруге мүмкіндік береді деген сенімдіміз.

Ұлттық Банктің Төрағасы лауазымына Тимур Мұратұлы Сүлейменовтің кандидатурасын қолдауды сұраймыз.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Әріптестер, сұрақтарыңыз бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Сұрақтар жоқ. Рақмет, Олжас Абайұлы.

Ұсынылған кандидатура алдын ала Қаржы және бюджет комитетінде талқыланды. Комитеттің қорытындысын жариялау үшін сөз Қаржы және бюджет комитетінің төрағасы Мәкежанов Сұлтанбек Алмасбекұлына беріледі.

МӘКЕЖАНОВ С.А. Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті әріптестер және шақырылғандар! Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Төрағасы қызметіне Тимур Мұратұлы Сүлейменовтің кандидатурасын ұсынды.

Тимур Мұратұлы Сүлейменов қаржы және экономика саласында үлкен тәжірибеге ие, құзыретті және білікті маман болып табылады.

Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының Регламентіне сәйкес ұсынылып отырған кандидатура комитеттің кеңейтілген отырысында талқыланды.

Қаржы және бюджет комитеті Парламент Сенаты Регламентінің 71-тармағын басшылыққа ала отырып, Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатына Қазақстан Республикасы Конституциясының 55-бабы 2) тармақшасына сәйкес және Қазақстан Республикасы Президентінің ұсынуы негізінде Тимур Мұратұлы Сүлейменовті Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасы қызметіне тағайындауға келісім беруді ұсынады.

Қолдауларыңызды сұраймын. Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Әріптестер, кандидатқа сұрақ қою қажет пе?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Талқылаудың қажеті бар ма, әріптестер?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Онда шешім қабылдауға көшейік.

Алдымен дауыс беру тәртібін анықтап алайық. Шешімді ашық дауыс беру арқылы қабылдау ұсынылады. Қарсылық жоқ па, әріптестер?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Олай болса Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Төрағасы қызметіне Сүлейменов Тимур Мұратұлын тағайындауына келісім берілсін деген Сенат қаулысын дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Шешім қабылданды. Келісім берілді.

Тимур Мұратұлы, өзіңізге жүктелген міндетті абыроймен атқарасыз деп сенеміз. Жауапты қызметіңізге сәттілік тілейміз.

Сондай-ақ Пірматов Ғалымжан Олжаұлы осы қызметті атқарғанын білесіздер. Сол қызметі үшін ризашылығымызды білдіреміз. Алдағы жұмыстарына табыс тілейміз.

Осы мәселе бойынша шақырылған азаматтарға рақмет. Сау болыңыздар.

Құрметті депутаттар, күн тәртібіндегі мәселе қаралып болды. Енді депутаттық сауалдарға көшейік. Депутаттық сауалдар бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Олай болса Сенат отырысын жабық деп жариялаймын. Баршаңызға рақмет. Сау болыңыздар.

ОТЫРЫСТЫҢ СОҢЫ.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТИ
СЕНАТЫНЫҢ ТӨРАҒАСЫ

М. ӘШІМБАЕВ

МАЗМҰНЫ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ
СЕНАТЫНЫҢ ОТЫРЫСЫ
2023 жылғы 4 қыркүйек

Күн тәртібі бойынша

О повестке дня 1

Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Төрағасын тағайындауына келісім беру туралы

О даче согласия на назначение Президентом Республики Казахстан Председателя Национального Банка Республики Казахстан

Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің Басшысы О.А. БЕКТЕНОВТІҢ баяндамасы

Доклад Руководителя Администрации Президента Республики Казахстан БЕКТЕНОВА О.А. 1

Қаржы және бюджет комитетінің төрағасы С.А. МӘКЕЖАНОВТЫҢ қосымша баяндамасы

Содоклад председателя Комитета по финансам и бюджету МАКЕЖАНОВА С.А. 2

ШЖҚ-дағы «Материалдық-техникалық қамтамасыз ету басқармасының инженерлік орталығы» РМК директорының міндетін атқарушы



Н. Уразбаев

Стенографиялау қызметінің басшысы



Г. Молдашева